## РЕКТОРДЫҢ ІЗГІ ЛЕБІЗІ

***Құрметті әріптестер!*** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымын 80 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

1943 жылы соғыс өрті өршіп тұрған шақта құрылған жоғары оқу орны елдегі және шетелдегі білім беру қызметтері нарығында көш бастап, талапкерлер арасында сұраныс артып келеді.

Соңғы онжылдықта университет өз тарихында көптеген жылдар бойы жинақталған зияткерлік және адам капиталын арттырып қана қоймай, сондай-ақ елдің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде жетекші орынға ие болды.

Құзыреттілік, ғылым мен білімге адал қызмет ету, педагогикалық талант, инновацияларға деген ұмтылыс республиканың оңтүстік өңірінде үздік академиялық дәстүрлерді қалыптастыруға мүмкіндік берді, зерттеу университетінің моделі бойынша трансформацияны көздеген орталыққа айналдырды. Бұл – Стратегиямыздың басты мақсаты.

Университет жинақтаған үлкен кәсіби тәжірибе ертеңгі күнге зор сеніммен қарауға және қойылған мақсаттарға табысты қол жеткізуге мүмкіндік береді. Біздің алар асуымыз бен бағындырар белесіміз әлі алда. Сіздерге белгіленген жоспарларды, жаңа идеялар мен ғылыми жаңалықтарды табысты іске асыруды, сондай-ақ халықаралық білім беру кеңістігінде белсенді ынтымақтастық тілеймін.

**Құрметпен, Басқарма төрағасы – ректор,**
***Дария ҚОЖАМЖАРОВА***

